

## Тіс протездеуге әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімінің 2009 жылғы 21 қазандағы N 14 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 қарашада N 13-5-102 тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімінің 2015 жылғы 07 қазандағы N 40 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімінің 07.10.2015 N 40 шешімімен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектерін және соларға теңестірілген азаматтарға әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 Заңының 20-бабына, " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 33-бабы 2) тармақшасына сәйкес:

1. Келесі санаттағы азаматтарға тіс протездеуге әлеуметтік көмек көрсетілсін (одан әрі - әлеуметтік көмек):

Ұлы Отан соғысының ардагерлері;

Ұлы Отан соғысының мүгедектері;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне жеңілдіктер мен кепілдіктері бойынша теңестірілген азаматтар;

Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктері бойынша теңестірілген азаматтар.

2. Әлеуметтік көмек:

тіс протездеу баға көлемінде (қымбат металдар және металлопластика, металлокерамика, металлоакридан басқасы) тағайындалады;

аудан бюджетінен бөлінген қаражат көлемінде беріледі;

осы шешімнің 1 тармағында көрсетілген Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданында тұрақты тұратын тіс протездеуді қажет ететін тұлғаларға беріледі деп анықталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Айбек Оралбекұлы Күшеновке жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК